ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ «АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ» МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** / **ПРИКАЗ**

05 наурыз 2020 № 03-05/81

Алматы қаласы / город Алматы

**Коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті аумағында короновирустық инфекцияның (таралуының) алдын алу шараларын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **Проректорлар департамент директорларымен бірге:**

1.1. 2020 жылдың 05 наурызынан бастап академиялық ұтқырлық және басқа бағдарламалар бойынша шет елдерге білім алушылар мен оқытушылардың жіберілуі, сондай-ақ, әлемнің барлық елдерінен шетелдік оқытушылар мен менеджерлердің қабылдануы тоқтатылсын (Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастықтық жөніндегі проректор, Халықаралық ынтымақтастық департаменті);

1.2. ПОҚ мен білім алушылардың алдын-ала жоспарланған барлық шетелдік іс-сапарлары 2020 жылдың 05 наурызынан бастап бөлінген шығындардың қайтарылу шартымен тоқтатылсын;

1.3. Әлемнің барлық елдерінен келетін білім алушыларды қабылдау тоқтатылсын (Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастықтық жөніндегі проректор, Халықаралық ынтымақтастық департаменті);

1.4 Білім алушылар мен оқытушылардың қатысуымен өтетін көпшілік іс-шараларын өткізуден бас тартылсын (Тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі проректор, Тәрбие, әлуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті).

2. **Қаржы-экономикалық департаментіне және Инфрақұрлымды дамыту жөніндегі департаментіне:** мемлекеттік сатып алу жоспарына тиісті өзгертулер енгізе отырып, қажетті мөлшерлегіштер, сұйық сабындар мен қолға арналған зарарсыздандырушы құралдарды антисептик сатып алу ұйымдастырылсын.

2.1. Абай атындағы ҚазҰПУ ғимараттарында және корпустардағы

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау
бөлімінің бастығы

005661

әжетханаларда сұйық сабындар мен қолға арналған зарарсыздандырушы құралдардың (антисептик), мөлшерлегіштердің орналастырылуы қамтамасыз етілсін;

Асханаларда, оқу залында, ғимараттарда, жатақханаларда зарарсыздандырушы құралдарды өңдеумен қоса, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша барлық қажетті шаралар жүргізілсін.

3. **Денсаулық сақтау пунктіне** - жедел респираторлы вирустық инфекция, тұмау және пневмония белгілері бар адамдарды анықтау бойынша күнделікті бақылау және оларды тіркеу жүргізілсін.
4. **Институт директорларына** – білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Негіздеме:** Вице-министр М. Дауленовтың хаты 16-4/388 04.03.2020

**Ректор м.а** **М. Бектемесов**

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау
бөлімінің бастығы